



Аудан тұрғындарының назарына!

Созақ ауданының әкімі ТҰРЫСБЕКОВ МҰХИТ СЕКСЕНБАЙҰЛЫНЫҢ сәуір айының 24-25 күндері Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдық округтері және Қыземшек кентінің халқымен кездесуі!



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 “Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы” Жарлығын іске асыру аясында Созақ ауданының әкімі Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлының Шу ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 24 сәуір сағат 11:00-де «Ж.Қаламбаев шағын жинақты жалпы орта мектебінде» өтеді.

Шу ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдауы сағат 12:00-де болады.

Тасты ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 24 сәуір сағат 15:00-де «Тасты ауылдық мәдениет үйінде» өтеді.


Тасты ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.

Қыземшек кентінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 25 сәуір сағат 11:00-де «Қыземшек кентінің мәдениет үйінде» өтеді.

Қыземшек кентінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 12:00-де өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің тұрғындарымен кездесуі 2025 жылы 25 сәуір сағат 15:00-де «С.Сейфулин жалпы орта мектебінде» өтеді.

Жуантөбе ауылдық округінің азаматтарын жеке қабылдау сағат 16:00-де болады.



Рухани дипломатияның мүмкіндігі

Парламент Сенатының төрағасы, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының басшысы Мәулен Әшімбаев Сауд Арабиясына сапары барысында «Дін лидерлері әділетті және қауіпсіз әлем үшін» атты дөңгелек үстелге қатысты.

Форумда қатысушылар өзара іс-қимылды нығайту және адамзатты алаңдатып отырған өзекті проблемаларды еңсеру тәсілдерін жетілдіру жөнінде пікір алмасты. Іс-шара аясында Сенат төрағасы Дүниежүзілік ислам лигасының басшылығымен кездесті.

Мәулен Әшімбаев дөңгелек үстелге қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, қазір бүкіл әлем жаңа жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ ол осындай алмағайып кезеңде аталған ауқымды іс-шараны ұйымдастырып отырған Дүниежүзілік ислам лигасы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының миссиясы айрықша мәнге ие екенін, бұл бастама халықтар, мәдениеттер және діндер арасындағы байланысты жолға қоюды көздейтінін айтты. Бүгінде геосаяси шиеленіс, экологиялық және экономикалық тұрақсыздық, пандемия сияқты түрлі проблемалар бүкіл әлемнің дамуына айтарлықтай теріс әсерін тигізіп жатыр. Осы ретте әртүрлі конфессиялардың, халықаралық және саяси ұйымдардың өкілдерін біріктіретін дөңгелек үстел өткізу сындарлы диалог құру жолындағы маңызды және уақтылы алаң екені анық.

«Біз қазіргі сын-қатерлердің, ең алдымен, ушыға түскен геосаяси шиеленістің салдарын еңсеру жолында күш-жігерімізді біріктіру үшін қасиетті жерде жиналып отырмыз. Бүгінде Таяу Шығыста, Палестинада, Газада қиын жағдай қалыптасып, бейбіт тұрғындар зардап

шегуде. Бұл мәселеде қантөгісті дереу тоқтатып, саяси диалогті жандандыру қажет. Аталған үдерісте Дүниежүзілік ислам лигасы маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ дінге, нәсілге және сенімге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін айыптайтын Мекке декларациясының маңызы мен мәні зор. Құжат әлем жұртын төзбеушілік пен жеккөрушілікке қарсы бірлесіп әрекет етуге үндейді. Сондықтан бұл декларацияны бәріміз Сауд Арабиясы мен Дүниежүзілік ислам лигасының жаһандық бейбітшілікті нығайтуға қосқан үлкен үлесі деп қабылдаймыз», деді Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі Хатшылығының басшысы.

Сонымен қатар М.Әшімбаев дөңгелек үстелде көтерілген мәселелердің өзектілігіне ерекше назар аударып, әлемде әлеуметтік-экономикалық проблемалар да ушыға түскенін атап өтті. Сондай-ақ қалыптасқан рухани дағдарыс және табиғат пен қоғамға тұтынушылық көзқарас та адамзатқа өз салдарын тигізетіні сөз болды. Мұндай жағдайда жаһандық диалогті дамытудың және өзара сенімді нығайтудың жаңа тәсілдеріне деген қажеттілік арта түсетіні анық.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық қауіпсіздіктің берік жүйесін қалыптастыру мәселелеріне үнемі баса мән беріп келеді. Осы мақсатпен Президент бейбітшілікке шақыратын жаңа жаһандық қозғалыс құру туралы бастама көтерді. Бұл үдерісте дін көшбасшылары айрықша рөл атқара алады. Биыл қыркүйек айында Астанада «Діндер диалогі: болашақ жолындағы синергия» тақырыбына арналған VIII съезд өтеді. Қазір діни, саяси және қоғамдық көшбасшылардың бірлескен әрекеттері аса маңызды. Сондай-ақ съезд аясында Бі-

ріккен Ұлттар Ұйымы Өркениеттер альянсымен бірлесіп, діни нысандарды қорғау жөніндегі арнайы сессия ұйымдастырылады. Осы орайда съезд бен Дүниежүзілік ислам лигасының қызметіндегі негізгі басымдықтар құсас екенін атап өткен жөн. Біз алдағы уақытта осы жолда Лигамен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз», деді М.Әшімбаев.

Дөңгелек үстелдің қорытындысы бойынша Дүниежүзілік ислам лигасы мен Қазақстанда орналасқан Халықаралық конфессияаралық және дінаралық диалог орталығы арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Айта кетейік, дөңгелек үстелге Сауд Арабиясының мемлекеттік органдарының, академиялық топтардың, азаматтық қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері де қатысты.

Сонымен қатар бұл күні Мәулен Әшімбаев Дүниежүзілік ислам лигасы Бас хатшысының орынбасары Абдулрахман бен Абдулла Эл-Зайдпен кездесті. Онда тараптар қазіргі сын-қатерлерге назар аударып, оларды еңсеру жолдарын талқылады. Сондай-ақ олар түрлі бағыттарда өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайту жөнінде пікір алмасты.

Өз тарапынан Дүниежүзілік ислам лигасы бас хатшысының орынбасары Қазақстанның жаһандық дінаралық диалогті дамытуға арналған бастамаларын жоғары бағалады және бірлескен жобаларды іске асыру бағытындағы жұмысты әрі қарай жалғастыруға мүдделі екенін жеткізді. Атап айтқанда, Астанада Мұхаммед пайғамбардың өмірбаянына арналған халықаралық көрме ұйымдастыру және Ислам өркениеті мұражайын салу жөніндегі мәселелер сөз болды.

Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

16.04.2025 ж №25

Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма алтыншы сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма алтыншы сессиясы 2025 жылғы 22 сәуір, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев

Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс жиырма алтыншы сессиясы 2025 жылғы 22 сәуір, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекенжайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 22 сәуір, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2025 жылғы 22 сәуір, сағат 10.00-де өткізіледі.

Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады: Созақ аудандық мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы «2025-2027 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №154 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Созақ аудандық мәслихатының төрағасы О.Жәмиев



Мемлекеттік тіл және көрнекі ақпарат

Қазақстан-көпұлтты, көп-мәдениетті мемлекет. Осы алуан түрлілік аясында ұлттық бірліктің, ел ішіндегі үйлесімді қарым-қатынастың негізі-мемлекеттік тіл. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Тіл туралы» Заңына сәйкес, қазақ тілі – еліміздің мемлекеттік тілі. Ол мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізудің тілі болуы тиіс. Осы орайда көрнекі ақпарат пен жарнама саласында мемлекеттік тілдің қолданылуы-тіл мәртебесінің нақты көрінісі болып табылады.

Көрнекі ақпарат дегеніміз қоғамдық орындарда, ғимараттарда, көше бойларында

орнатылатын маңдайшалар, жол көрсеткіштер, хабарландырулар, жарнамалар және басқа да жазбаша мәліметтер. Бұл ақпараттардың мазмұны мен тілі заңмен реттеліп, халыққа түсінікті, әрі қолжетімді болуы қажет. Яғни, кез келген көрнекі ақпарат ең алдымен мемлекеттік тілде берілуі тиіс. Қажет болған жағдайда басқа тілдерге аударылып жазылуы мүмкін, бірақ қазақ тілі бірінші тұруы міндетті. Алайда, бүгінде еліміздің кейбір аймақтарында бұл талаптың толық орындалмай отырғанын байқаймыз. Көп жағдайда жарнамалар мен маңдайшалар тек орыс тілінде немесе шет тілдерінде жазылып, мемлекеттік тіл

ескерусіз қалып жатады. Мұндай жағдайлар тілге деген немқұрайлықты және заң талаптарының сақталмауын көрсетеді. Бұл – тек тіл саласындағы ғана емес, ұлттық болмысымызға, мемлекеттігімізге деген көзқарасты білдіретін маңызды мәселе. Сондықтан мемлекеттік тілді көрнекі ақпаратта кеңінен әрі дұрыс қолдану – әрбір азаматтың парызы, әрбір мекеменің міндеті. Тіл мәдениетін көтеру үшін жергілікті әкімдіктер мен Тілдерді дамыту басқармалары тұрақты түрде тексеріс жүргізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келеді. Деген-

мен, бұл жұмысты тек билікке жүктеп қою жеткіліксіз. Қоғам болып атсалысу – басты шарт.

Қорытындылай келе, мемлекеттік тіл-елдіктің символы. Оның қоғамдық өмірдің барлық саласында, соның ішінде көрнекі ақпаратта толыққанды қолданылуы-Тәуелсіз Қазақстанның кемелденуінің айғағы. Сондықтан әрбір көрнекі жазба тек ақпарат көзі ғана емес, ол-тілге, елге деген құрметтің көрінісі.

Ақбота КЕРІМБАЙ,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ағылшын тілі оқытушысы.

Жұмысшы топтың кезекті бас қосуы

Осы аптаның сейсенбісі күні «Орта ғасырдағы Созақ қаласының мәртебесін анықтау туралы» аудан әкімінің қаулысының жобасы аясында құрылған жұмыс тобының мүшелері, аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов, аудан әкімдігі



ішкі саясат бөлімінің басшысы Райымқұлов Ерлан және мен «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, әрі тілші ретінде Созақ ауылына арнайы сапар жасап оралдық. Созақ ауылындағы Шаһи хазірет мешітінде болып мамыр айының 16-шы жұлдызында ғылыми конференция өтетін орынды көзбен көріп, қай жер ыңғайлы, тазалық жұмыстары қай деңгейде, киіз үйлер орналасатын жерлер мен келген қонақтар ас ішетін орынның тазалығы, конференция өтетін орындар жайында жергілікті азаматтармен ақылдасып, кеңестік. Жұмыс тобының кезекті шағын жиынында Созақ ауылдық округі әкімінің іс басқарушысы Ақмал Мәуленов, әскери есеп столының бастығы Нұрсұлтан Үдербаев, ауыл шаруашылығы жөніндегі маман Арман Хафизов, ауылдық мешіттің имамы Бекзат Тынышбаев, жер маманы Жанболат Сәнкібаевтар ақылдасу алаңында бізбен бірге болып, ой пікірлерін қосты.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Көрнекі ақпарат пен жарнама – тіл саласындағы ең бір өткір мәселе. Тіл-ұлттың тірегі, ең асыл құндылығы. Жарнама сауатты болуы тиіс, сауаттылық емле мен пунктуация ережелеріне ғана мән берілу емес, мазмұнға көңіл аудару да болып табылады.

Сондықтан сауаттылық мәселесімен қатар жарнама мәтінінің ішкі мазмұнына да мән беріп, әсіресе, ұлттық танымның тілдік көріністерін кеңінен көрсек игі болар еді.

рына баннерлер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнама, баға көрсеткіштері секілді елдегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсер ететін маңызды құралдар жатады. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерін орфография нормаларына сәйкес жазу талабы қазақ тіліндегі мәтіндердің сапалы жазылуына, орфографиялық қателерге жол бермеуге бағытталған. Деректемелер мен көрнекі ақпарат мәтіндерінің

Ерлікке тағзым!

ТАУЛЫ ҚАРАБАХТЫҢ БІТІМГЕР АРДАГЕРІ

Армяндар мен азербайжандар арасында Таулы Қарабах өңірі үшін туған кикілжің ашық қақтығысқа ұласты. Бұл СССР аумағындағы бірінші этносараяс жанжалға айналды. 1987 жылы және 1988 жылдың басында Таулы Қарабахта өңір халқының басым бөлігін құрайтын армяндар арасында наразылық күшейді. Таулы Қарабақ автономды облысы мен өңірге шекаралас аудандарда жүрген бұл операцияға КСРО-ның ішкі әскері мен әскери күштері қатысты. 1988-94 жылдары болған қарулы қақтығыс кезінде 30 мың адам қаза тапты.

Бекшораев Бақытжан Убайдуллаұлы 1968 жылы 24 қыркүйекте Ф.Энгельс атындағы совхозда дүниеге келген. Әкесі Убайдулла совхозда аға шопан болып еңбек еткен. Анасы Алтын көмекші шопан болып жұмыс атқарған. Көп балалы «Батыр ана». Бақытжан 1976 жылы Ф. Энгельс атындағы мектептің бірінші класына барып, 1984 жылы сегізінші кластан кейін Кентау қаласындағы кәсіптік техникалық училищеге оқуға түсіп, электрлік мамандаған иеленеді. 1987 жылы 16 қарашада Кентау қалалық әскери комиссариатынан әскер қатарына шақырылады. Алдымен Ресейдің Куйбышев қаласындағы №32056 әскери бөлімінде алты айлық оқуда болады. Одан меха-



ник-водитель БМП мамандығы бойынша № 03264 әскери бөлімінде қызметін жалғастырады. 1988 жылы 24 қаңтарда әскери ант қабылдайды. 1988 жылы 23 маусымда Таулы Қарабақ аумағындағы Степанакерт қаласындағы №32056, №18920 әскери бөлімдеріне жіберіледі. 1988 жылы 8 қарашада 32056 әскер бөлімі штаб бастығының №264-ші бйрығымен «Совет армиясының үздігі» төсбелгісімен марапатталады. 1989 жылы 21 желтоқсанда №18920 әскери бөлімінен елге оралды. Отбасында жқбайы Қауқақова Кәмила екеуі Айнагүл, Қанат, Жомарт, Қуаныш атты ұл-қыздарынан немере көріп

отырған бақытты жанға иесі. Бақытжан 1990-95 жылдары ауылда монтер, 1995 жылдан «Қазатом-өнеркәсіп» АҚ ҰАК-на қарасты «Таукент энергосервис» өндірісті мекемесінде электрлік болып жұмыс істеп келеді. Ерен еңбегі мен ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталған.

Алдымызда келе жатқан Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерейлі мерекесі мен Отан қорғаушылар күніне орай осы аптада Бақытжан ағмыз өзі оқып, білім алған Қарақұр жалпы орта мектебінің ұжымымен кездесуге барды. Мектеп ұжымы осыдан бірнеше күн бұрын батыр ағамызды қонаққа шақырып, мектеп оқушыларымен әңгімелесу сағатын өткізбек ниетте болған еді. Шараны аталмыш мектептің әсері жетекшісі Сәбит Тәшенов өткізіп, басшылық жасады.

Сабақты ине сәтіммен демекші, шарада мектеп оқушылары батыр ағаларына көкейде жүрген сан түрлі сауалдарын қойып, көшегі бітімгершілік іскері қатарындағы көрген қиындықтары мен әскери қызметтің қызықты сәттері туралы терең әңгімеге қанықты.

Дамира ТИЫНДЫҚОВА,
Созақ аудандық мұрағатының архивісті.

Көрнекі ақпараттың көрінісі қандай?

Алайда, қазіргі таңда қала аумағында естіген құлаққа түрпедей тиетін, грамматикалық, стилистикалық қателері бар жарнамалар мен көрнекі ақпараттар кездесуде. Көшелерде, сауда орындарындағы, қоғамдық тамақтану орындарындағы тек орыс тілінде рәсімделген немесе сөзбе-сөз, мағынасыз аударылған көрнекі ақпараттар, баға көрсеткіштер, хабарландыру және басқа да жарнамалар тұрғындардың наразылығын туындатады. Кейбір азаматтар кітап оқымауы мүмкін, газет-журналға жазылмауы мүмкін, бірақ көшедегі жарнаманы міндетті түрде көреді, көрген соң оқиды. Сондықтан жарнама мәтінінің сауатты болуы өте маңызды екендігін атап айтар едік. Жарнама берушілер көрнекі құралдарындағы мәтінді сауатты қарап, қате кеткен жағдайда түзетуге дайын болып, бірлесе жұмыс істесе, мемлекеттілігіміздің мерейі артып, қателіктер азаяр еді.

«Көрнекі ақпарат құралда-

тең түпнұсқалы аудармасын сақтап отырып жазу талабы қоғамда екі тілде (қазақ және орыс тілдеріндегі) берілген мәтіндердің мағыналық, мазмұндық жағынан сәйкес келмеуі фактілерін жоюға бағыттталып отыр. Қорыта айтқанда, көрнекі ақпарат, жарнама жазулар – жаңалықтың негізгі жаршысы болуымен қатар, насихат пен тәрбие құралы, сондықтан жарнама тілін реттеуді қоғам болып қолға алуымыз қажет. Көрнекі ақпарат, жарнама – тілді қалыптастырушы негізгі құрал және жаһандағы жағымды жаңалықтың жаршысы. Ендеше, жалт еткен жарнамаға жайбарақаттықпен қарамайық, оның тілінің талапқа сай болуына мүдделілік танытайық. Сонда ғана жанға жайлы, жарасымды жарнама тілін қалыптастыра аламыз.

Жібек НҰРМАХАН,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазақ тілі оқытушысы.



да топ жарып, аудан абыройын асқақтатқаны-біз үшін үлкен мақтаныш. Бұлтөк спортшы мен бапкердің ғана емес, бүкіл Созақ халқының жеңісі. Әркез спортшыларымызға жан-жақты қолдау көрсетіп, еңбектері мен жетістіктерін ескеріп отырамын. Алдағы уақытта халықаралық арена-ларда да ел намысын абыроймен қорғап, сәттілік серік болсын!"-деп, өз лебізін білдірді. Әрине, аудан әкімі өзінің чемпионға деген ыстық ықыласын, ізгі лебізін сөзбенен ғана жеткізіп қоймады. Керісінше, бүгін Созақтың ғана емес, облысымыздың атын республикалық және халықаралық жарыстарда шығарып жүрген, ертең еліміздің намысын Азия менен Еуропа, Әлем чемпионаты менен Олимпиадаларда қорғайды деп елі үміттеніп отырған балғын балуан-мызға бақандай 500 мың теңгенің сертификатын табыс етті. Әлбетте, батырға

Ел біріншілігі-чемпиондық баспалдақтың басы болды

Сүйінші ағайын, сәуір айының 2 мен 12 аралығында Қарағанды қаласында Еркін күрестен 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы ел чемпионаты болып өтті. Еліміздің әр өңірінен кім мықтыны анықтау үшін кіл мықты жиналған республикалық жарысқа Түркістан облысының құрама командасы да барып қатысқан. Сол, облысымыздың намысын қорғаған балғын балуандардың арасында соңғы кездері ел ауызына ілігіп үлгерген саңлақ спортшымыз, Созақ аудандық №1 БЖСМ-нің оқушысы Ахмет Мақсұт та бар еді. Ахмет сол әдеттегідей 85 келі салмақта өнер көрсетті. Жалпы, бұл салмақта еліміздің түкпір-түкпірінен келген 24 балуан өзара сынға түсіп, жоғарыда айтқанындай, кім мықтыны анықтады. Ахмет Әсетұлы алғашқы кездесуін Шығыс Қазақстан облысының балуанына қарсы өткізіп, жеңіске жетті және екінші кездесуінде Алматы облысының спортшысын да ұтты. Ширек финалда Астана қаласының балуанын жеңіп, ақтық сында Жетісу облысынан келген қарымды қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, Қазақстан Республикасы чемпионы атанды. Әрине, қазіргі таңда бар болғаны 14 жасар Ахмет балуанымыздың бұған дейін де аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарда топ жарып жүргенін жазып та айтып та жүрміз. Алайда, Ахмет Мақсұт үшін бұл жарыстың орыны ерекше. Себебі, бұл жолы Созақтың оғланымыз жылына бір рет өтетін Ел чемпионатының жеңімпазы атанды. Ал, бұл өз кезегінде Ахмет балуан үшін Азия, Еуропа менен Әлем чемпионаттарына бастар баспалдақ еді. Тіпті, спорттық жарыстардың шыңы Олимпиадаға баратын саңлақ спортшылар да әуелі нақ осы Ел чемпионатын жеңулері тиіс. Солай болды да. Бала чемпионымыз алдағы уақытта, нақтырақ айтсам, тамыз айында Азия чемпионатында ұлттық құраманың сапында ел намысын қорғамақ. Әрине, бұл жайында күні кеше ғана, сәуірдің 14 күні Созақ ауданының әкімі Мұхит Сексенбайұлы Тұрысбековтың қабылдауында болып шыққан Ахмет Мақсұтпен бапкері Бақытжан Бейсембаевпен бұлған сұхбатымыз нәтижесінде білдім. Сонымен, ауданымыздың басшысы Мұхит Сексенбайұлы еркін күрестен 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында жеңіске жеткен жерлесіміз Мақсұт Ахмет пен оның бапкері Бейсембаев Бақытжанды қабылдады. Чемпионымызбен оның бапкерін Мұхит Тұрысбековтың қабылдауына аудан әкімдігі «Мәдениет және спорт» бөлімінің басшысы Мерей Ниязәліұлы алып кірген болатын. Қабылдауда аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы: «Жерлестеріміздің ел чемпионатын-

да ат секілді бап керек, бапкер керек. Міне, соны ескерген Созақ ауданының басшысы Бақытжан Бейсембаевты да назардан тыс қалдырмады. Алдағы Азия чемпионатына баратын жол шығындарының барлығын көтеруге уәде берді. Аудан әкімі өз деңгейінде сый-сыяпатын жасап болған соң, Мерей Ниязәліұлы да өз атынан ауданымыздың намысын түрлі біріншіліктер де абыроймен қорғап, жеңіспен оралып жүрген жасөспірім балуанымызға өз атынан Қазақстан құрама командасына тиесілі форма сатып алып беретінін мәлімдеді. Ә, айтқандай, Ахмет балуанның бапкерінің айтуынша бұларды Шымкенттен ауылымыздың кіре берісіндегі қорғанның жанынан арнайы жанкүйерлер тобы күтіп алған көрінеді. Бұл топтың басында сол, Созақ аудандық «Мәдениет және спорт» бөлімінің басшысы Мерей Ниязәліұлы, №1 БЖСМ мен №2 БЖСМ-нің басшылары Бақтыбай Сәрсенбаев пенен Айтөре Байғараев және ағайын-туыс, дос-жарандары болғанға ұқсайды.

Жалпы, мұнан алдыңғы мақалаларымда да айтқанындай, Ахмет Мақсұттың негізгі бапкері Бақытжан Бейсембаев аудандық №1 БЖСМ-нің тәжірибелі жаттықтырушысы, бүгінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет жасайды. Біз, Созақ ауданының халқы Бақытжан бапкермен қалай мақтансақ та жарасады. Өйткені, ол ауданымызға 4 дүркін Әлем, 2016 жылы өткен Еркін күрестен ересектер арасындағы ҚР біріншілігінің чемпионы Әкбар Елубайұлы мыңдардың ішінен көріп, танып, бала күнінен баулып, баптап шығарған, атын үлкен әріптермен жазуға тұрарлық азамат.

Ендеше, ауданымыздың атын облыс, республикаға танытып жүрген, болашақта Азия менен Еуропа және Әлем чемпионаттарында, тіпті, Олимпиада ойындарында көк туымызды түрлі елдердің көгінде желбіретіп, әнұранымызды аспандарында қалықтатады деп үміттенеміз. Неге, Олимпиада ойындарын бір емес, бірнеше қайтара айтып жатырмын. Себебі, біздің ауданымызда облыс пенен республика чемпиондарын былай қойғанда Азия менен Еуропа және Әлем чемпиондары баршылық екен. Бірақ, екінші-ке орай, Олимпиада чемпионы шықпады әлі. Демек, Елдос Сметов секілді Ахмет балуанымызға да Олимпиада чемпионы болу нығметі нәсіп болсын! Бүкіл Төріскей жұрты: «Мен Олимпиада чемпионы Ахмет Мақсұттың жерлесімін!» деп, мақтанып, масаттанып жүретін күнге жетейік! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Данияр БЕК.

МАҢЫЗДЫ НАУҚАН-ЖАУАПТЫ МІНДЕТ

Түркістан облысы аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері Б.Хасанов пен Б.Өскенбаев 2025 жылдың

іс-сапармен Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясында болды. Ауылдық округ әкімдерінің



20 сәуірге тағайындалған Сызған ауылдық округінің әкім сайлауын әзірлеу мен өткізу жұмыстарының барысымен танысу мақсатында

сайлауына байланысты аудандық аумақтық сайлау комиссиясында тиісті іс-құжаттармен танысты.



ЗЕРДЕЛЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСТЫ

2025 жыл 20 сәуірге тағайындалған Сызған ауылдық округ әкімінің сайлауына учаскелік сайлау комиссияларының дайындық жұмыстарын тексеріп, күнтізбелік жоспарға сәйкес 701, 702, 703 учаскелік сайлау комиссияларындағы атқарылып жатқан жұмыстарды көріп, тиісті оң бағаларын берді.

Сонымен қатар дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің іс-қимыл алгоритмімен кейстік тапсырма түрінде практикалық сабақтар өткізіліп, тест сұрақтары қойылып, сұрақ жауаптармен алмасты.

Кездесу соңында Түркістан облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мү-

шелері және аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы учаскелік сайлау комиссиясының мүшелеріне сайлау өтетін күні комиссия мүшелері дауыс беру процессінде қандай да бір кемшіліктер мен бұзушылықтарға жол бермеуге және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның талаптарын қатаң сақталуын қамтамасыз етуді ескертіп, округтегі сайлаушылардың сайлауға қатысу белсенділігін арттыру бағытында тиісті жұмыстарды атқаруды жүктеді.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Жастар тәртібі-басты назарда

2025 жылдың 21 сәуірінде Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Таукент кенті жастар ісі жөніндегі әдіскері Р.Мырзахметованың ұйымдастыруымен түнгі рейдтік іс-шара өтті.

Кешкі сағат 22:00-ден 00:30-ға дейін жүргізілген рейдке учаскелік полиция инспекторы Тукушев Марат қатысты. Шараның мақсаты -кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілінсіз қоғамдық орындарда жүруінің алдын алу, ата-аналар-

дың жауапкершілігін арттыру және құқықбұзушылықты болдырмау.

Рейд барысында ойынханалар, дүкендер, кафелер мен саябақтар араланып, кәсіпкерлерге 21 жасқа толмағандарды түнгі уақытта мекемеге кіргізбеу керектігі ескертілді. Сонымен қатар, спирттік ішімдік пен темекі сату фактілері анықталған жағдайда ішкі істер бөліміне хабарлау қажеттігі айтылды.

«Созақ үні»-ақпарат.

«АМАНАТ» партиясы атынан Шолаққорған ауылдық округі әкімі лауазымына үміткер Жеңісәлі Бақытжанұлы Төлепбергеновтің САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

МАҚСАТЫМ-ЕЛҮШІН ЕҢБЕК ЕТУ!

Құрметті Шолаққорған ауылының сайлаушылары!

Шолаққорған ауданымыздың орталығы ғана емес, тарихи маңызы бар, талай тұлғалардың ізі қалған, жыл артқан сайын жаңа заманауи ғимараттармен толысып, сән-салтанаты жарасып келе жатқан іргелі ауыл. Ал, тұтас ауылдық округті айтсақ, тартымды табиғаты, шырайлы жері, ынтымақты елі бар, болашағы жарқын өлке.

Мен осында туып-өскеніме мақтамын. Еңбек жолымды аудандық «Жастар ресурстық орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде маман болып бастап, осы мекемеде төрт жылдан аса уақыт директор қызметін атқардым. Мемлекеттік қызмет саласындағы алдыңғы буын аға өкілдерінен тәлім алып, елге қызмет етудің қадірін сезіндім, замандастармен бірлесіп жұмыс атқарып, халықтың алғысын алуға ұмтылдым. Жастар ұйымына басшылық жасаған жылдарым түрлі сынақтарымен де есімде қалды. Коронавирус індетімен күресуде, Арыс қаласындағы жарылыс салдарын жою жұмыстарында, Мақтарал ауданын тасқын су басу кезеңдерінде ауданның белсенді қыз-жігіттерімен бірге қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру шараларына атсалыстым. Көптің тілеуі деп білемін, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру бөліміне жетекшілік жасау мүмкіндігі туды, ауданнан алыстап облыс орталығындағы Түркістан қалалық ішкі саясат бөлімінде басшы болып та тәжірибие жинақтадым.

Бұл жолы Шолаққорған ауылдық округ әкімі лауазымына үміткермін. Өзімнің бағдарламамды сіздерге ықшамдап ұсына отырып, 4-мамыр күні болатын сайлауға қатысуға шақырамын.

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

Ауылдық округ әкімдеріне жүктелетін негізгі міндеттер – сапалы жұмыс орындарын құру, азаматтардың табысын ұлғайту, әлеуметтік мәселелерді шешу, инфроқұрылым



жайлығын қамтамасыз ету, салалық өсу қарқынын үйлестірудің нәтижесімен бағаланады. Сол үшін:

- Азық-түлік өнімдерін өткізу нарығын ұлғайту мәселесіне;
- Ауылдық округте туындаған мәселелерді шешуге;
- Ауыл экономикасы дамыту үшін сырттан инвестиция тарту мәселесіне;
- Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, әл-ауқатын арттыру үшін шағын және орта бизнесті ашу мәселесіне;
- Жұмыссыздықты азайту үшін жаңа инновациялық жобаларды енгізу мәселесіне;
- Кәсіпкерлікке ауыл жастарын тарту мәселесіне;
- Суармалы жерлердегі су жүйелерінің

жаңаруына, судың ысырапсыз, көп шығынсыз жеткізілу мәселесіне;

- Шағын және орта бизнесті дамыту мақсатында сайлау округіне қатысты кәсіпкерлерге жер телімі мен арзан несие алуы мәселесіне барынша ықпал жасаймын.

ӨМІРБАЯН

Төлепбергенов Жеңісәлі Бақытжанұлы 1989 жылы 9 мамырда Созақ ауданы Шолаққорған ауылында дүниеге келген. 2011 жылы Қазақ ұлттық аграрлық университетін, 2014 жылы Көкше академиясын, 2019 жылы аймақтық әлеуметтік инновациялық университетін бітірген. Мемлекеттік және жергілікті басқару, су ресурстары және суды қолдану мамандықтарын игерген. 2012-2022 жылдары Созақ ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің жастар орталығы КММ-де іс жүргізуші, әдіскер, басшы орынбасар, әдіскер, орталық басшысы қызметтерін атқарған. 2022-2023 жылдары Созақ ауданы әкімі аппараты ұйымдастыру және инспекторлық бөлімінің басшысы, 2023 жылдың 25 желтоқсанынан бері Түркістан қаласы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметін атқарып келген.

Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейін арттыру – менің сайлауалды бағдарламамдағы өзекті мәселенің бірі болады.

- Ауыл тұрғындарының сапалы ауыз суға қолжетімділігін арттыруға;
- Шолаққорған ауылдық округіне қарасты ауылдарды электрмен толық жабдықтауға;
- Елді-мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету үшін газдандырудың кезең-кезеңмен жүргізілуіне;
- Аудандық маңызы бар жолдарды жөндеу жұмыстарының сапалы жүргізілу мәселесіне;
- Елді-мекендерде толық жарықтандыру жүйелерін орнатуға;
- Елдегі тұрақтылықты, әлеуметтік ілгерілесушілікті қолға алу, оның дұрыс жүргізілуіне;

Шолаққорған ауылдық округінің әкіміне үміткер Мауленов Акмал Файзуллаұлының БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірлі жерлестер!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл – әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұқ-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді. Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талап пен жауапкершілік орасан. Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамды Шолаққорған ауылы әкіміне ұсындым.

Маған сенім көрсетіп, ауыл әкімі қызметіне таңдаған жағдайда жергілікті қауымдастық мүшелерімен келісе, бірлесіп отырып, әкім ретіндегі жұмысымның басты бағыттары төмендегіше болмақ:

Мәдениет және спорт саласы бойынша

- 1.Ауыл тұрғындарының бос уақытын тиімді өткізу, таланттарға қамқорлық жасау мақсатында әр түрлі тақырыптық байқаулар өткізіп тұру;
- 2.Ауыл халқын бұқаралық спортпен айналысуға қамқорлық жасау үшін спорт алаңшаларын, балалар ойын алаңдарын ашу;
- 3.Ұлттық спорттың бұқаралық сипат алуына қамқорлық жасау. Онымен айналысатын ауыл тұрғындарын көтермелеп қолдау көрсету.

Ауылшаруашылығы және кәсіпкерлік саласы бойынша

- 1.Ауылшаруашылық саласында қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың ауыл аумағында іске асуына қолдау көрсету;
- 2.Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту,



кәсіпкерлікпен айналысам деуші тұрғындарға бағыт беріп, қолдау көрсету.

- 3.Шаруа қожалықтарына әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға көмек көрсету;

Жастармен жұмыс

- 1.Ауыл жастарының әлеуметтік сапасына талдау жүргізу; Жұмыссыз, мамандығы жоқ жастарды кәсіптік оқуға жолдау, жұмыспен қамту;
- 2.Ауыл мәдениетін дамыту, материалдық-техникалық базасын көтеру арқылы жастардың өнер, спорт саласымен тиянақты айналысып, бос уақыттарын тиімді өткізуіне, ұлттық мәдениетіміздің терең

меңгеріп дамуына жағдай жасау;

Әлеуметтік сала бойынша

- 1.Атаулы әлеуметтік қолдау қажет ететін

ӨМІРБАЯН

Мауленов Акмал Файзуллаұлы 1980 жылы 23 ақпанда Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы Созақ ауылында дүниеге келген. Ұлтты – қазақ. Білімі жоғары. Түркістан қаласындағы Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінде экономика және құқық негіздері мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2001-2003 ж.ж. Науайы атындағы орта мектебінде тәлімгер, ОҚО, Созақ ауданы, Созақ ауылы;
2003-2013 ж.ж. Науайы атындағы орта мектебінде психолог, ОҚО, Созақ ауданы, Созақ ауылы;
2013 жылдан қазіргі уақытқа дейін Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының кеңесші, іс басқарушы.

аз қамтамасыз етілген отбасын тұрақты назарда ұстау;

- 2.Жұмыссыз азаматтарды анықтап, олардың еңбекпен қамтылуына жағдай жасау, шағын немесе орта кәсіппен айналысуына ықпал жасау, қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы шешу және сонымен қатар тиісті мемлекеттік жәрдемді алуына көмек көрсету;

Медицина саласы бойынша

- 1.Медицина саласын материалдық-техникалық базасын нығайтуға күш салу;
- 2.Ауыл тұрғындарына салауатты өмір салтын насихаттау, уақытылы медициналық тексерістен өтуін ұйымдастыру;

-Ауылдық округтегі қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын экологиялық талапқа сәйкестендіруге және сұрыптап қоқыс жинау контейнерлерін орнатуға;

-Нашақорлық пен ішімдікке қарсы күрес жұмыстарының жүйелі түрде өтіп отыруы мәселесіне күш-жігерімді жұмсаймын.

Тәуелсіздігімізді тұғырлы, мемлекетімізді ғұмырлы ететін Отанымыздың нағыз патриоттарын тәрбиелеу, жастармен жұмыс жасау бұл – басты құндылығымыз, болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

-Қазақстанның рухани құндылықтарын және мемлекеттік кезеңдерін, оның ішінде ауылдық округ тарихын дәріптеу мәселесіне;

-Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерді реставрациялау мен консервациялау және қалпына келтіру жұмыстарына;

-Өңіріміздің көрнекті тумалары мен тарихи мұраларын танымал етуге арналған жобаларды іске асыру мәселесін көтеруге;

-Туристік қызмет көрсету саласындағы жаңа жұмыс орындарын ашу, қонақ үй кешендері мен тарихи-мәдени орталықтардың құрылысының сапалы жүргізілуі мәселесіне белсене қатысамын.

-Төтенше жағдайлардың алдын алу инфрақұрылымының қауіпсіздік деңгейін арттыруға;

-Тұрғындар арасында жемқорлықтың алдын алу мақсатында өткізілетін іс-шараларға Үкіметтік емес ұйымдардың міндетті түрде қатысуына;

-Тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруда кешенді жұмыстар атқаруға бар күш-жігерім мен тәжірибемді жұмсаймын.

Құрметті сайлаушылар!

Ауылымыздың көркейуіне атсалысу баршаңыздың ортақ мақсатымыз. Сондықтан да халықпен бірге болып, жоспарланған жұмыстарды жүзеге асыру мен жетістіктерге жеткізу менің азаматтық борышым. Баршаңызды 4 мамыр күні болатын сайлауға келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздердің қолдауларыңызбен халықтың талап-тілегін орындауға қызмет жасаймын.

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

-Ерікті зейнетақы жарналарын қалай аударсам болады? Оны жұмыс беруші аударма ала ма?

-Ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) жеке және заңды тұлғалар аударма алады. Жеке тұлғалар қаражатты өз табысы есебінен жеке бас пайдасына және (немесе) жақындары үшін аударса, заңды тұлғалар өз қызметкерлерінің және (немесе) үшінші тұлғалардың пайдасына аударма алады.

Ерікті зейнетақы жарналарын екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ жұмыс берушіге өтініш беру арқылы аударуға болады. Өтініш негізінде қаражатты жұмыс беруші Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) көрсетілген тұлғаның пайда-

сына аударады.

ЕЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін БЖЗҚ кеңсесіне барудың қажеті жоқ – шот алғашқы жарна түскен кезде автоматты түрде ашылады. ЕЗЖ есебі жүргізілетін ЖЗШ:

- агенттер ЕЗЖ аударған кезде ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері;
- жеке тұлға өзінің немесе үшінші тұлғаның пайдасына алғашқы жарна аударған кезде өтінішсіз ашылады.

«Созақ үні»-ақпарат.

Шолаққорған ауылының әкіміне үміткер Кожамбетов Темирәли Калдыбековичтың БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті - Шолаққорған ауылының тұрғындары!

Дүниежүзілік өркениет дамып жатқан шақта-еліміздің бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуды мақсат еткен аса жауапты кезеңде еңбек етіп жатырмыз. Бұл- әсіресе, мемлекеттік жергілікті басқару және өзін-өзі басқару саласында жаңаша жұмыс жасап, халықтың талап-тілектерімен мұқ-мұқтажын шешудегі қызметін жандандыра түсуді қажет етеді.

Сондықтанда, халықпен бірге әрі біртұтас жұмыс жасайтын мемлекеттік қызметшіге қойылар талаптар жауапкершілік орасан.

Осы жауапкершілікті саналы түрде сезіне отырып, өзімнің кандидатурамның Шолаққорған ауылының әкіміне ұсынылғандар қатарында болғаны үшін аудан әкімдігіне ризашылық білдіремін және сенімінен шығуға бар қабілетімді саламын. Себебі, бүгінгі күнге дейін жинақтаған тәжірибем - нақты салада халыққа қызмет етіп нәтижеге жетуіме мүмкіндік береді деген сенімдемін.

Шолаққорған ауылының халқымен және жалпы әлеуметтік-саяси, экономикалық қырылымдарымен таныспын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАМ

Мен үшін ең біріншіден әкім болу – дегеніміз ауыл тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста болып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, тұрмыс деңгейінің жоғарылауына, талап-тілектерінің орындалуына, ауылдың көркеюі жолында, халықтың бірлігі мен ынтымағы үшін адал қызмет ету. Осы қызметте мен өзімнің жинаған тәжірибемді және тың идеяларымды іске асыруға күш жұмсаймын. Менің осы сайлауда жеңіп әкімдік қызметке кірісер болсам атқаратын шаруаларым төмендегідей:

1. Болашақ жастардың еңшіңде екені бәрімізге мәлім және сол жас буын өкілі ретінде жастармен тығыз жұмыс жасаймын. Сол себепті, ауыл жастарының спортпен шұғылданып, түрлі жарыстарға қатысуларына, бос уақыттары тиімді ұйымдастыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамға пайдалы іспен шұғылданауға жағдай жасау. Жастардың ауылда тұрақтауына жағдай жасай отырып, ауыл халқының санын арттыруға, жұмыссыз азамат-



тардың мемлекеттік бағдарлама бойынша кәсіптік білім алуына күш жұмсау.

2. Ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздық деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдау. Ол үшін әр бос орынға немесе жаңадан ашылған жұмыс орындарына ауыл жастарын алуға, бірінші кезекте ешбір мүшесі жұмыс істемейтін отбасыларды жұмыспен қамтуға күш салу.

3. Ауыл тұрғындарына сапалы медициналық көмек көрсетуді басты назарда ұстау.

4. Аз қамтылған, көп балалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды, тыл ардагерлерін назардан тыс қалдырмай, қамқорлық жасау және шын әреу жандарға атаулы әлеуметтік көмектің нақты, уақытылы берілуін қадағалау.

5. Ауылдағы кәсіпкерлер, шаруа қожалықтар

және осы ауылдан түлеп шыққан кәсіпкерлермен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру. «Туған жерге тағзым» акциясын жандандырып жүзеге асыру бағытында

ӨМІРБАЯН

Кожамбетов Темирәли Калдыбекович 1989 жылы 7 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылында дүниеге келген. Ұлты - қазақ.

Білімі жоғары. Шымкентқаласындағы М.Әуезов атындағы мемлекеттік университеттің мұнай-газ ісі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолы

2013-2014 ж.ж. «№49 Механикаландырылған колонна» ЖШС-де бұрғылаушының көмекшісі;

2016 жылдан қазіргі уақытқа дейін Тасты ауылдық округі әкімі аппаратының ауылшаруашылық жөніндегі бас маманы болып қызмет атқарады.

жұмыстар жүргізу.

6. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың кез-келген мекемеге кедергісіз кіріп, барлық мемлекеттік қызметтердің қолжетімді болуына ықпал ету;

7. Адам үшін басты капитал – білім. Осы тұрғыда ауылдағы білім беру ұйымдарымен үнемі байланыста болып, оқушылардың түрлі деңгейдегі байқауларға қатысуларына, қызығушылығы бойынша үйірмелерге қатысуына жағдай жасау.

8. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау және күнделікті қажетті мәселелерді күн тәртібінен түсірмей шешуге атсалысу.

9. Ауыл тұрғындарының демалыс уақытын ұйымдастыруға аса мән беретін боламын. Ауылдарда зейнеткерлер, қарттар, отбасылар, балалар мен жастар еркін демала алатындай саябақтардың салынып, оларды көгалдандырып, жарықтандыруға ықпал жасайтын боламын. Балалар ойын алаңшаларының ашылып, баскетбол, футбол алаңдарының салынуына

ықпал жасаймын.

10. Ауыл аумағындағы қылмыстың алдын-алу үшін учаскелік полиция қызметкерлерімен бірге мемлекеттік орган қызметкерлерінің де ат салысуына ықпал ету;

11. Жас мамандарды ауылға тарту мақсатында, «Дипломмен – ауылға» жобасы арқылы ауылдағы білім беру, денсаулық сақтау және т.б. салаларға қажетті мамандар мәселесін шешу және жеке кәсіп ашуға ниет еткен тың идеясы бар азаматтардың мемлекеттік тұрғыдан берілетін қаржылай қолдауға қол жеткізуді қамтамасыз ету, және сол арқылы шағын және орта бизнестің өркендеуіне жол ашу.

13. Ауданымызда жер қазба байлықтарын игеріп жатқан отандық, шетелдік кәсіпорындармен қарым - қатынасты арттыру, өндіріс орындарында жұмыс істейтін ауыл тұрғындарының үлес салмағын арттыру және оларды құқықтық қолдау.

14. Ауылдың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру бойынша жұмыс жасау.

16. Мектеп оқушыларына арнайы жаяу жүргіншілер жолын салу. Балаларға арналған ойын алаңдарын жаңарту.

17. Сыбайлас жемқорлыққа мүлде төзбешілікті қалыптастыруға атсалысамын.

18. Осы жұмыстарды іске асыру үшін ауыл әкімінің бюджетін молайтып, оны қауымдастық жиналысымен келісе отырып тиімді жоспарлап, мақсатты жарата білу маңызды. Сондықтан ауыл әкімінің күнделікті басты жұмысы болып табылатын салық және салық емес түсімдерді көбейту, түсім көздерін іздестіру, менің тиянақты айналысатын ісім болады. Қауымдастық мүшелерін жергілікті өзін-өзі басқару саласына жұмылдыра отырып, ауылдың өркендеп дамуына, халықтың тұрмыстық жағдайының жақсартуына бірге қол жеткізетін боламыз!

Құрметті Шолаққорған ауылының тұрғындары! Егер мен Шолаққорған ауылының әкімі болып сайланған жағдайда жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жүзеге асырылуына бар күш-қайратымды жұмсаймын және сол мақсатта Сіздердің қолдауларыңызға сүйенемін!

Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран



Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас ел– Біртұтас жер» қағидасы бойынша жасалған іс-шара жоспарына сәйкес «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұран!» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты: Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай өскелең ұрпақ бойында патриоттық сезім қалыптастыру; Отан үшін жан қиған ел азаматтарының ерлігін, қайсарлығын дәріптеу, қазіргі кезде арамызда жүрген ардагерлеріміздің, ел тыныштығын күзеткен батырлардың ерлігін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге шақыру.

Тәрбие сағатының міндеттері: оқушыларға танымдық кездесулер ұйымдастыру; патриот ұғымын кеңінен түсіндіру; елі, жері үшін соғысқа аттанған батырлармен таныстыру; әскери қызметке деген құрметті көрсету.

Тәрбие сағатында Созақ ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары Иманбеков Мұхамедәлі, «Әкелер» кеңесінің төрағасы; Сармантаев Же-

тілген, «Наурыз-2» ардагерлер кеңесінің төрағасы Дәулетбаев Орынбасар, Созақ аудандық әскери ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрғанбаев Есжан Әбенұлы, ардагерлер Жакупова Зада, Жайлауова Гүлшәрбат апайлар болды.

Тәрбие сағаты барысында «Ер есімі-ер есінде» атты сахналық қойылым көрсетілді. Жеңіс күніне арналған «Ұлы Жеңіс күні» атты бейнебаян көрсетілді. Оқушылардың орындауында «Ән сал, сарбаз!» атты ән әуелете шырқалды. Мерекелік бағдарлама «Атамекен» атты хормен қорытындыланды. Тәрбие сағатының 2-кезеңі ардагерлермен сұхбат жүргізумен ұласты. Жиын қонақтарына сөз берілді, кездесуді «Әкелер» мектебінің төрағасы Ж.Сармантаев алғы сөз арқылы ашып, тәрбие сағатының жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары М.Иманбеков оқушылармен ашық сұхбат өткізіп, елін, жерін қорғайтын азаматтың бойынан табылатын қасиеттерді талдап көрсетті.

Оқушыларға, әсіресе ер бала үшін әскери тәрбиенің маңыздылығын түсіндірді. Созақ ауданының әскери ардагерлер кеңесінің төрағасы Тұрғанбаев Есжан Әбенұлы Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, оқушыларға тағылымы мол естеліктер айтып, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Әскери қызметтің қиындығы мен қызығы жайлы естеліктерімен бөлісті. Кеш қонақтары іс-шараны өз деңгейінде ұйымдастырған 8-сынып жетекшілері С.Даулеталиева, Н.Ален, Б.Бекқұлиеваға өз алғыстарын білдірді. Патриоттық ән шырқаған оқушыларға өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсеткеніне риза болып, осындай тәрбие сағатының тәрбиелік мәні мен мазмұны ерекше екенін атап өтіп, рухани әсер алғанын атап өтті. Кездесу соңында Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі А.Омаров: «Жылдар жыл-жып өткенімен, ерлікпен қаза тапқан ержүрек жауынгерлеріміздің ерлігі ел есінде мәңгі сақталады. Сондықтан да жас буынға ардагерлердің, бүгінгі ел тыныштығын күзеткен әскери тұлғалардың өжеттігін үлгі ету, Отанды қорғау соғысында опат болған жауынгерлердің рухына тағзым етуге, есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу әрқайсымыздың қасиетті борышымыз» деген сөздерімен жиынды қорытындылады.

Мұхамедәлі ИМАНБЕКОВ,
Аудандық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары.



АУДАН АРДАГЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ӘН БАЙҚАУЫ ӨТТІ

Осы аптада аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы аясында аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Ардагерлер ән салады» атты ән байқауы өтті. Шараға аудан ардагерлері белсене қатысып, жеке орындаушылар мен хор ұжымдары өз өнерлерін ортаға салды.

Шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Алтын Күнтуқызы құттықтау сөз сөйледі. Байқаудың маңыздылығына тоқталып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ізгі тілегін білдіріп, өнер көрсетушілерге шығармашылық табыс тіледі.

Патриоттық әндерге негізделген байқауға қатысушылар тыңғылықты дайындықпен келіп, байқау өте тартысты өтті. Қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаздар келесідей анықталды:

Хор ұжымдары арасында:
• I орын – Қарағұр ауылдық

округі

• II орын – Қаратау ауылдық округі

• III орын – Құмкент ауылдық округі

• «Үздік хор ұжымы» номинациясы – Шолаққорған ауылдық округі

• «Белсенді хор ұжымы» номинациясы – Шу ауылдық округі

Жеке орындаушылар арасында:

• I орын – Әділбекова Роза (Құмкент ауылы)

• II орын – Сәулетова Балшекер (Қарағұр ауылы)

• III орын – Құлтайев Бауыржан (Қаратау ауылы)

• «Үздік әнші» және «Белсенді әнші» номинациялары – Садуахасов Қошқарбай (Шолаққорған ауылы), Исмаилова Мария (Шу ауылы)

Байқау соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен сый-сияпаттар табысталды. Шара ардагерлердің өнерге деген сүйіспеншілігін, патриоттық рухын паш етіп, көрермендерге керемет әсер сыйлады.

Білім-тал бесіктен, жер бесікке дейін

Қазақ халқының даналығында «Білім тал бесіктен, жер бесікке дейін» деген сөз терең мағынаға ие. Бұл сөз адам өмірінің барлық кезеңінде білім мен тәрбие алу қажеттілігін, өмірдің мәнін түсіну жолындағы үздіксіз ізденісті білдіреді. Жиі қолданылатын бұл мақал, әрине, өткен ғасырлардан бері келе жатқан ғұым болса да, қазіргі заманда оны жаңа тұрғыдан қарастыру маңызды.

Бүгінгі таңда білімді ұлттың қандылықтарының құрамына ғана емес, сондай-ақ ұлттың ұстанымына айналуы тиіс деп ойлауға негіз бар. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, тарихы, мәдениеті және салт-дәстүрлері білім арқылы сақталып келген. Сондықтан, «білім тал бесіктен» дегенде тек баланың білім алу процесі емес, сонымен қатар осы білімнің ұрпақтан-ұрпаққа ауысатын ұлттық код екенін түсінгеніміз жөн. Адам өміріндегі алғашқы білім баланың ана тілін, ұлттық дәстүрін үйренуден басталады. Тіпті, ағзаға табиғи жолмен кіріп, генетикалық деңгейде бойға сіңетін ұрпақтың тәрбие мен білім арқылы жаңа дәуірге тап болуы да «білім тал бесіктен» деген ғұымның тереңдігін көрсетеді.

Білім тек теориялық мәліметтерді алу ғана емес, ол ұлттың менталитеті мен дүниетанымын жасайтын негізгі құрал болып табылады. Бұл тұрғыда жаңа ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу жүйесі өзгеруі керек, себебі қазіргі заманның қажеттіліктері мен сұраныстары жаңа ұстанымдарды талап етеді. Қазіргі қоғамда білім алу тек дәстүрлі мектеп пен университеттермен шектелмейді. Білімнің заманауи тәсілдері мен технологиялары тұлғаны үздіксіз дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, онлайн курстар, білім беру платформалары, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллекттің ықпалы білім алу үрдісіне жаңа реңк береді.

Дегенмен, бұл прогресс дәстүрлі білім мен тәрбиенің орнына ешқашан ауыса алмайды. Технологияларды қолдану арқылы алынған білімнің қуаты ұрпаққа дәстүрлі қандылықтарды сақтап, ұлттық мәдениетке сүйену арқылы ғана толыққанды болмақ. Осы орайда, білім беру процесі тек теориялық білімді алу ғана емес, адамның рухани жандүниесінің дамуы мен қоғамдық өмірге қатысу үшін де маңызды.

Білімнің екінші кезеңі, яғни «жер бесікке дейін» ғұмы адамның бүкіл өміріндегі даму кезеңдерін сипаттайды. Адам өмірінде соңғы кезеңге дейін білім алуға мүмкіндік бар. Бұл тұрғыдан келгенде, білім алу тек жас ұрпаққа тән нәрсе емес, өмір бойы жүзеге асатын процесс екенін түсінуіміз керек.

Қазіргі заманның қағидасы «Жер бесікке дейін» тіркесі тек өліммен аяқталатын өмірді білдірмейді. Бұл өмірдің әр сатысында білім алу мен өз-өзіңді жетілдіруді үздіксіз жалғастыруды білдіреді. Бүгінгі күнде әлемдегі көптеген елдер өмір бойы білім алу тұжырымдамасын маңызды қағида ретінде қабылдап, әртүрлі бағдарламалар мен курстар ұйымдастырып жатыр. Бұл процесс адамның жеке басының ғана емес, қоғамның да өркендеуіне ықпал етеді. Қазақстанда да соңғы жылдары үздіксіз білім алу мен кәсіби даму мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Мысалы, ересек адамдарға арналған курстар мен тренингтер, әртүрлі арнайы білім беру бағдарламалары арқылы білім беру жүйесі өз ауқымын кеңейтіп келеді. Мұндай тәсілдер қоғамның жұмыс істейтін мүшелерінің білім деңгейін арттырып, кәсіптік біліктіліктерін жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Білім алу жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның тұрақтылығы мен дамуына әсер етеді. Қазақ халқының түсінігінде білім алу адамның тек өзі үшін емес, бүкіл елдің болашағы үшін маңызға ие. Жаңа технологиялар мен индустриалды революциялар әлемнің әр түкпірінде жаңа жұмыс орындарын талап етіп жатқанда, сол жұмыс орындарын толтыру үшін үздіксіз білім алу мен жаңашылдыққа ұмтылу қажет. Сонымен қатар, білім беру жүйесінің әдіс-тәсілдеріне жаңашылдық енгізу арқылы қоғамда әлеуметтік теңдік пен әділеттілікті қамтамасыз етуге болады. Ұлттық дәстүрді сақтау мен жаңашылдықты біріктіру – ұрпаққа тек жоғары сапалы білім беру ғана емес, ұлттық қандылықтарды, тарихты, салт-дәстүрлерді үйрету болып табылады.

«Білім тал бесіктен, жер бесікке дейін» деген сөз тек білім мен тәрбие берудің маңыздылығын ғана емес, сондай-ақ білімнің ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қоғамның тұрақтылығын сақтауға ықпал ететін негізгі күш екенін көрсетеді. Білім беру жүйесінің жаңғыруы, оны өмір бойы жалғастыру, жаңа ұрпаққа ұлттық қандылықтарды сақтай отырып білім беру - бұл қоғамның, ұлттың дамуы үшін маңызды қағидалары.

Демек, бұл мақал тек өткенді емес, қазіргі заманның талаптарына сай білім мен тәрбие берудің маңызын да көрсетеді. Технология мен дәстүрдің бірігуі, ұлттық және жаһандық білімнің бірлігі-біз үшін үлкен мүмкіндік. «Білім тал бесіктен, жер бесікке дейін» деген сөз әрдайым өміріміздің басты қағидасы болуға тиіс.

**Ш.ДОСАНБАЕВА,
«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру»
бөлімінің басшысы.**

Ислам діні IX ғасырда Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Яссы, Сауран, Сығанақ, Шаш секілді көптеген қалаларда кеңінен таралды. Кейіннен, Ислам ілімін насихаттайтын медреселер ашылып, көркем мінез-құлыққа негізделген ұстанымдар қалыптаса бастады. Ислам мәдениетінің қазақ жеріндегі ірі ошағы Сыр бойы, Сығанақ, Отырар, Сайрам және Түркістан (Ясы) қалалары болды. Осы өңірден әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Ахмет Жүйнеки, Сүлеймен Бақырғани сынды ғұлама ғалымдар мен ақындар, сон-

және тыйым салынған нәрселерден сақтану арқылы жүзеге асады. Ясауи мұны өте маңызды деп санап, рухани жетілу мен жанның тазалығы үшін олардың негіздерін әрдайым ұстануды ұсынды. Сопылықтың ең басты мақсаты адамның ішкі дүниесін тазалап, Алламен байланысын нығайту, сондай-ақ, өмірде ізгілікті жолмен жүру.

Ихсан-бұл Алланы көрмесең де, Алла сені көріп тұрғандай амал жасау деген терең мағынаға не ұғым. Бұл ілім адамды өз әрекеттерінде шынайы болуға, әр ісін

барлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде сөйлете білді. Бұл оның тек діни білімді ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен әдебиет саласындағы терең ой-өрісін көрсетеді.

Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған Ясауи ілімінде Хаққа қызмет ету халыққа қызмет етуден басталады. Оның пайымдауынша, халыққа қызмет ету үшін ең алдымен өз нәпсінді тыю керек, себебі нәпсіні жеңу сопылық жолдың негізгі мақсаты. Нәпсіні тыю арқылы адам өз ішкі

Қожа Ахмет Ясауи және Ихсан ілімі

дай-ақ, әлемге әйгілі әскербасы Ақсақ Темір шықты. Қожа Ахмет Ясауи ақын, ойшыл, ұстаз, бүкіл түркі жұртына имандылық нұрын шашқан діни қайраткер, агартушы, жаңа сопылық ағымның ғұламасы ретінде танылған. Оның мұрасы тек түркі әлемінде ғана емес, жалпы Ислам әлемінде маңызды орын алады.

Түркі даласының ұлы перзенті, Қазақстан мен Орта Азиядағы сопылық мектебінің көрнекті өкілі, ғұлама әрі әулие Қожа Ахмет Ясауи қазақ халқының рухани тарихында айрықша орын алады.

Қожа Ахмет Ясауидің бүгінгі ұрпаққа жеткен ең көлемді шығармасы Диуани Хикмет (Даналық кітабы), ол қыпшақ диалектісімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке орай, бұлт туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген, тек XV-XVI ғасырлардағы көшірмелері ғана сақталған. Бұл көшірмелер Ыстамбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматы сынды қалаларда сақталуда. Диуани Хикмет алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шықты, кейін бірнеше рет қайта басылып, 1901 жылы Қазанда Тыныштықұлының қазақтарға арнап шығарған нұсқасы жарық көрді.

Қожа Ахмет Ясауи өз хикметтерінде сопылық ілімін терең дәріптеп, осы жолға түсу үшін дұрыс дайындықтың және білімнің маңыздылығын айрықша атап көрсетті. Ол сопылық жолға тек дайындықсыз және білімсіз келетіндерді қатты сынады. Шынайы, таза сопылық ілімінен хабарсыз, жалған сөйлеп, өз мүдделерін жүзеге асыратын дүмше сопыларды «жалған сопы» деп айыптап, олардан аулақ болуға шақырды. Қожа Ахмет Ясауи осы тұрғыда алдымен шариғат ілімін толық меңгеру қажеттігін айтты, себебі шариғаттың негіздері болмайынша, сопылық жолға түсу мүмкін емес деп есептеді.

Сопылық жолдың негізі Ихсан ілімінен басталатыны белгілі. Ихсан бұл пенденің иманын бекемдеп, құлшылыққа деген құлшынысын арттырып, адамгершілікке тән игі қасиеттерді кемелдендіретін рухани ілім. Құдіреті күшті Алла Тағала Құран Кәрімде осы Ихсан іліміне ерекше мән берді. Егер мұсылман адам Ихсан ілімінің шынайы мәнін түсінсе, оның рухани жандүниесі кемелденіп, иман байлығына қол жеткізеді.

Ихсан ілімі әуелі Аллаға деген иманнан басталып, Алланың бұйрықтарын орындау

құдайдың көзімен қарап, тек жақсы ниетпен жүзеге асыруға шақырады. Ихсанның мәні адамның жүрегінде Алланың бар екенін сезініп, барлық іс-әрекеттерінде осы сенімді ұстану.

Ізгі ғұламаларымыз «Ихсан ілімінің алғашқы сабағы ренжітпеуден басталып, соңы ренжімеумен аяқталады» деген екен. Бұл сөздер адамның өзара қатынастарында ізгілік пен сабыр сақтаудың маңыздылығын білдіреді. Яғни, Ихсан ілімі тек рухани ілім ғана емес, ол адамның күнделікті өмірінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасында да көрініс табуы тиіс.

Имам Науауи (оған Алла разы болсын): «Алла Тағала сенің әрбір жағдайыңды көріп тұрады. Сондықтан барлық ісінде жақсылық жаса. Әрбір ісің толыққанды болуы керек» деген екен. Бұл сөздер адамның барлық іс-әрекетінде Аллаға деген сенім мен адалдықтың негізінде болу қажеттігін көрсетеді. Яғни, әрбір әрекетімізде біз Алланың көзімен қарай отырып, тек жақсылық жасауға ұмтылуымыз керек. Ихсан ілімі бізге өзіміздің рухани дүниемізді кемелдендіріп, жан дүниемізді тазартуға жол ашады. Әбу Ханифаның «Муснад» кітабында: «Ихсан әрбір ісінде Алла разылығы үшін жасауың» делінген.

Ислам тарихына көз жүгіртсек, Мұхаммед (оған Алла разы болсын) пайғамбарымыз өзінің көркем мінезімен Мекке халқын әдептілікке, ізгілікке шақырды. Оның пайғамбарлық міндет жүктелмес бұрын, яғни қырық жылдық өмірінде ол адамгершілік қасиеттердің қоғамға әкелетін пайдасын дәлелдеп берді. Оның бойындағы ұлық мінез-құлық сабыр, мейірім, әділдік, адалдық тек Мекке қоғамында ғана емес, жалпы әлемде ұрпақтарға үлгі болатын сипаттар еді. Мұхаммед Пайғамбардың өмірі адамзатқа ізгілік пен адалдықтың ең жоғары үлгісін көрсеткен ғибратты тарих. Оның әрбір іс-әрекеті, сөзі және әрекеті бізге осы өмірде ізгілікпен және жоғары адамгершілікпен өмір сүруді үйретеді.

Қожа Ахмет Ясауи өзінің сопылық мектебінің түркілік дәстүріне данғыл жол салды. Ол сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі тілінде сөйлетті, осылайша түркі тіліндегі жатық әрі бейнелі жыр жазудың үлгісін жасап, түркі тілдерінің көркем шығармалар тудыру мүмкіндігінің мол екенін дәлелдеді. Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғам-

дүниесін тазалап, жоғары рухани деңгейге көтеріледі. Бұл ұстаным Ясауидің ілімінің мәнін айқындайды, себебі ол кемелдікке жетудің жолын тазалықты, адамгершілік қасиеттерді сақтап, өзінің мақсаттары мен іс-әрекеттерін халықтың игілігіне бағыттауы тиіс. Кемелдікке жету үшін, Қожа Ахмет Ясауи, ғашықтық пен дерт болу керек дейді. Ғашықтық - Аллаға деген терең махаббат, ал дерт бұл рухани тазаланудың және адам баласының ішкі дүниесін жетілдірудің бір белгісі. Бұл процесс адамды рухани кемелдікке жетелеп, оның өмір жолын ізгілікке, адамгершілікке толтырады.

Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған сопылық мектеп «Ясауи тариқаты» деп аталады. Бұл мектеп өзінің рухани тереңдігімен және түркі халықтарының мәдениеті мен дүниетанымына әсер еткен үлкен мұра болып табылады. XII ғасырда Қожа Ахмет Ясауи өз ілімін түркі халықтарына жеткізіп, оның мәнін түсіндірді. Ясауи тариқаты өз дәуірінде ғана емес, кейінгі ғасырларда да кеңінен таралып, түркі халықтарының рухани өміріне маңызды ықпал етті.

Ясауи тариқаты Мауераннахр, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан мен Тәжікстан сияқты аймақтарға тарады, осылайша Ясауидің ілімі мен рухани қандылықтары көптеген халықтардың рухани дамуына зор әсерін тигізді. Ясауи ілімінің негізгі қағидалары - адамгершілік, иман, Аллаға деген махаббат, ішкі тазалық және адалдық түркі халықтарының арасында кеңінен танылды.

Ясауи тариқатының ізін жалғастырушылар мен оның ілімін қолдаушылар тарихта маңызды орын алды. Олар өздерінің діни және философиялық көзқарастарымен өз қоғамдарын рухани жағынан байытты, сондай-ақ осы тариқаттың таралуы мен дамуына үлкен үлес қосты. Ясауи ілімінің әсері бүгінгі күнге дейін сақталып, оның ізін жалғастырған адамдардың әрекеттері мен ой-пікірлері түркі халықтарының рухани қандылықтар жүйесін нығайтуға ықпал етті.

**Б.КАШКИНБАЕВ,
«Оңалту жұмыстарын ұйымдастыру»
бөлімінің маманы.**

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75 сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

«Созақ ауданының Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Өртке абай болайық!

Өрт— абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі— ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Ормандаз, а таралуына қолайлы жағдай туады. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нәсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек.

Е.САМЕТ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

Орманда тазалықты сақтайық!

Жер бетін мекен тұтқан барша адамзат баласы болсын, жалпы тіршілік иелері болсын, айналаөздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Расында айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс бір бірлерімен үйлесіп қашанда жер анаға сән беріп тұрады. Сонда да болса ашкөз адамдар тарапынан жіберіліп отырған қорқауға тән зияндылықтар, олқылықтар ашкөздік танып жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты рұқсатсыз беталды атып құрту, қолдан өрт тудыру сындықасіреттер табиғат байлықтарына адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру,сексеуіл қарабаржын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі —таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Н.МҰҚЫМБЕКОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Сексеуілді алуға рұқсат жоқ!

Сексеуіл құмды шөлдің қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдің тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққандағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның теле-теңдігін сақтап тұруда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш өтетін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе тұз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы.

Сексеуілдің заңмен қорғалатынын тағы да естеріңізге сала отырып, оны сындыруға және сауда нүктелерінде сатуға тиым салынғанын және қатаң түрде жазаланатынын ескертеміз.

А.ЕГЕНОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Жарамсыз деп танылсын

Адишов Ерболат Аманбаевичтің атына 09.12.2020 жылы №1705 санымен берілген Таукент кенті, І.Кеңесбаев көшесі №76 тұрғын үйдің барлық құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ГКП НА ПХВ «Сузакская ЦРБ» УЗ Туркестан ОБЛ иелігіндегі 2014 жылы шығарылған «Уаз 396295 449» маркалі автокөлігінің «KZ 225 BG/13» санды мемлекеттік тіркеу белгісі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың бірыңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен елдің даму стратегиясын оның басымдылықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас

нығайтуға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те толастамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас

бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Рес-

Сананы сыбайластық уламасын

жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, мемлекеттік қызмет туралы заңдылық талаптарын іс жүзіне асыру мемлекеттік қызметкерлердің тәртібін

жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында

публикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері бұзған жағдайда 4-7-24, 4-7-27, 8-700-467-93-72, 8-700-467-93-75сенім телефондарына хабарласуларыңызға болады.

Бақдәулет ӘБІШ,
Құмкент ауылдық округі әкімі аппаратының кеңесші- іс басқарушысы.

Улы газдан абай болыңыз

Көптеген адам көзге көрінбейтін, елеусіз, жәдігөй - тұншықтырғыш газдан немесе көміртегі тотығынан жазғырады. Өкінішке орай, тұншықтырғыш газ туралы білгенімен, бәрібірде барлық жерде онымен ұлану кездеседі. Көбінесе өрт қауіпсіздік ережелерді сақтамағандықтан, яғни жылу пештерін және газ құрылғыларын қате қолдану нәтижесінде болады. Тұншықтырғыш газ адам организміне жаман әсер етуі, оның тыныс алу жүйесін зақымдап, қан жүйесіне еніп, сонда гемоглабинмен қосылады. Нәтижесінде қан құрамының өзгерістері пайда болады. Тұншықтырғыш газбен ұлану организмге қатаң әсерін тигізіп, кейбір жағдайларда денсаулыққа түзелмейтін зиян келтіру мүмкін. Негізгі мәселе болып, оның түсінігі, иісінің болмауы табылады, сондықтан оны жие «үнсіз өлтіруші» деп атайды. Тұншықтырғыш газ ауамен араласқан кезде іс жүзінде көрінбейді, сондықтан адам күйінің нашарлануын тек қана уланғаннан кейін байқайды.

Тұншықтырғыш газбен уланыдың қайғылы жағдайларды алдын алу мақсатында Созақ ауданының № 11 ӨСБ-і қарапайым қауіпсіздік ережелерді сақтауға шақырады:

-жұмыс жасап жатқан газ құрал-жабдықтарын қараусыз қалдырмаңыз;

-тек қана жарамды құрал-жабдықты қолдаңыз. Пеш қалауындағы жарықшақ, түтіндіктің бітеліп қалуы ауыр салдарға әкеліп соғу мүмкін;

-газ құрал-жабдығын өз күшімен жөндеу, ауыстыру, қайта қондыру жұмыстарын жүргізбеңіз;

- жабық ғимараттарды жылыту үшін газды немесе керосинді жанарғыны қолданбаңыз;

-балаларды газды құрылғыларға жақындатпандар;

-жақсы желдетуді қамтамасыз етіңіз.

Құрметті азаматтар! Жоғарыда айтылған ережелерді сақтаған жағдайда, Сіз тұншықтырғыш газбен уландудың құрбаны болмай, өміріңізге қауіп тәуекелін төмендетеді.

Мағжан ӨСКЕН,

Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Мырзахан ҚОЖАХМЕТОВ,
бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.

Тағамнан уланудың алдын алу

Микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушандық. Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы. Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және қоректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайындалуы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериялды улармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады. Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының, санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады. Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның ауырынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б. Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады.Тағамнан уланудың ең алғашқы белгілері білінген кезде әсіресе балалар, қариялар және жүкті әйелдер тез арада дәрігерлерлік көмекке жүгінуі тиіс. Егер ауру ұзақ уақыт жазылмай, құсу, организмнің сусыздануы, нәжісінде қанның болуы және өткір ішек ауруы сияқты белгілері сақталған жағдайда міндетті түрде дәрігерлік көмекке жүгінген дұрыс. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет.

Аурудың алдын-алу жолдары:тамақтанар алдында қолды жуу;термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу;тек қайнатылған немесе бөтелке суын ішу;тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау; кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу; үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау; тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау

Х.ОСПАНОВ,

Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшысы.



Созақтың қарапайым баласы ретінде Кеңес Одағының Батыры, даңқты қолбасшы елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасандылықтың үлгісіндей аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы ағамызбен кездесіп, жүздескен көздерім дара тұлғаның ойлы да

адамның үш жұты бар. Олар-кәрілік, өлім және мәңгірт ұрпақ"-деген-ді Баукең. Кәрілік келмей қоймайды, өлім алмай қоймайды, оларға ешкім де өз үйінің есігін тарс жауып алып, қарсы тұра алмайды. Ал ұрпағымыздың мәңгірт, жарымжан болып қалмауы үшін өрттен қорғағандай қорғау-баршамыздың парызымыз.

Осыдан 50 жылдан астам уақыт бұрын айтылған осы ойларындағы көрегендігі-біле білген жандарға ұлы тәрбие. Шешен аға әркез «сөз қадірі-өз қадірі, өз қадірі-ел қадірі» деп бағалаған ойшыл ірі тұлға ғой. Ағаның сол жиында айтқан әр сөз-жаттап алатындай, айғақ пен дәлелге толы өмір шындығынан өрілген үлкен бір өнеге мектебі іспетті еді.

Бауыржан аға-соғысты көзімен көрген жазушы. Ол-әскери суреткер. Айтар ойы, жазар тақырыбы соғыс шындығы. Ол өз шығармасының



рына ұсынып отырмыз...

-Мен журналист ретінде Бауыржан ағамен бірнеше рет кездесіп, жүздесіп, әсерлі әңгімелерін өз дауысымен жақын отырып тыңдау бақытына ие болдым. Сол сәттерді кейде сағынамын. Кездесіп, сырласып жүретін ай маңдайлы асыл ағаларымыз аз емес десем де, Баукеңнің орны тіптен бөлек еді.

-Бірлікке ұмтылған жастарға азаматтық, патриоттық тәрбие беруде, олардың өмірден өз орнын адаспай табуына рухани азық боларлық осынау аталық қасиеттердің әсерлі ерекше болары да даусыз.

... Жан алысып, жан беріскен алапат шайқастарда қол бастаған қолбасшы. Бауыржан Момышұлының батылдығы пен батырлығына оның майдан шебіндегі көрегендікпен қолдана білген стратегиялық айла

Қолбасшы Баукеңнің бар болмысы-



мағыналы әңгімелерін қасында отырып, өз аузынан ұйып тыңдаған сәттерім жадымда мәңгі сақталып қалған еді.

-Баукең- адамгершіліктің, азаматтылықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті Баһадүр батыр адам мен үшін.

Алаштың ғана емес, әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат ағамен ең алғаш рет Алматыда өткен Республикалық жас ақын-жазушылардың үлкен бір жиынында кездесудің сәті түскен еді.

Президумда отырған Баукеңе сөз кезегі тигенде, жаудан қорықпаған, бес жыл бойы өлім мен өмірдің арасында отқа оранып, мұз жастанып, қан кешкен қазақтың қаһарман батыры сөз арасында: «Менің үш қорқынышым бар. Біріншісі- бесік жырын айта алмайтын келіндердің көбеюінен, екіншісі- немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбеюінен, үшіншісі-салт-дәстүрін сыйламайтын ұрпақтың көбеюінен қорқамын», -деген еді. Иә, шындығында ұрпағымыздың қамы ұлтымыздың қамы екендігін естен шығармағанымыз жөн. «Өмірде

шынайы кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан, автор әңгімені өз атынан айтады. Шешендікпен, шынайы жеткізе айтады.

Баукеңнің мірдің оғындай нысанаға дәл тигізер қанатты сөздері де жетерлік. Ағаның нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр тағы сол сияқты болып жалғаса береді. Мәселен, «Отан үшін отқа түскімейсің», «Қарабет болып қашқанша-қайрат көрсетіп өлген артық», «Ерлік-елдің қасиеті, жүректілік- жігіттің қасиеті», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Опасызда Отан жоқ», «Жаныңнан күдер үзе соғыспасаң, жауды күйрете алмайсың», «Бірлік туы-намыс», «Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады», «Жауды өлтірсең-өлімнен құтылдың, өлтірмесең өлімге тұтылдың», «Жеңіс шайқасқа дейін шыңдалады», «Ерлік елеусіз қалмасын», «Айбындана шапқаннан ажал да сескенеді», «Ту сыртыңнан тиген дұшпанды торға түсер, өршеленген жаудың үнін өшір», «Хас батыр ұрпағы бардың арманы жоқ».

Батыр ағаның айтып, жазып қалдырған, уақыт елегінен өтіп, ұрпақтар зердесіне ұялаған осындай ұлағатты нақылдары ұшан-теңіз. Даңқты қолбасшы Бауыржан ағамен офицерлер үйінде екінші мәрте кездесуімнің, сәті түсті. Офицерлер ағамен кездесу ұйымдас-тырған екен. Журналист ретінде шақыртумен келген мен, сол жерде әскери формадағы ағаны кезіктірген едім. қысыла жақындап, қос қолымды ұсына амандасқаным ағаның қуатты қолдарымен қолдарымды қыса амандасқаны әлі бүгінгі күнге дейін көз алдымда.

Бір мезетте Бауыржан аға салалы саусақтарымен бурыл шашын кейін

қарай жатқыза тарап, мінбеге көтерілді. Әр түрлі шендегі әскери қызметкерлер алдында екпінді зор дауысымен, әскери мәнерде қолбасшы қағидасы жайлы әсерлі әңгімелерін бастап кетті.

*Қолбасшының тағдыры жауынгерлердің тағдырымен тығыз байланысты, оның ұрыстағы өмірі өзі басылық ететін жауынгерлік ұжымға тәуелді. Ұжым абыройы қолбасшының абыройы, ұжымның масқара, қара бет болуы- қолбасшының масқара қара бет болуы.

Нағыз қолбасшы- Жеңістің атасы, табандылықтың жан жүйесі (оның қарамағындағы адамдар оның табандылығы арқасында күш-қуат пен қайрат-жігерді бойына сіңіреді)

*Қолбасшының ұрысқа дейінгі негізгі міндеті-өзінің қарамағындағы жауынгерлерді ерлікке тәрбиелеу. Қолбасшының ұрыс кезіндегі міндеті өлу емес, жағдайға қарап, қолындағы нақты күш пе мүмкіншіліктерді ескере отырып, оларды үнемдеп жұмсап, алға қойылған жауынгерлік тапсырманы орындап шығу.

*Қолбасшының батылдығы-оның ақыл-ойы мен таймас ерлігінде. Қолбасшының көптеген қыруар жұмыстарының ішіндегі ең бастысы-ойлау, ойлау және ойлау болып табылады. Қазақ халқының мақалы: «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» дейді ғой.

*Қолбасшы жауынгердің адамгершілігін кемсітпей, аласартпай, қайта сезіміне, ар-ожданына, психикасына әсер ете отырып, барлық ықпал ететін шараларды шебер қолдана білгені жөн, ал мұның өзі тұтас бір өнер болып табылады. Бұл өнерді игеруге кез-келген дұрыс пікірлі офицер ұмтылуға тиіс.

...Иә, нағыз қан майданда қол бастаған білікті де, тәжірибелі қолбасшының бір сағаттай ортаға салған көптеген қағидаларын кездесуге қатысқан әскерилер қауымы, өте ыждағаттылықпен тыңдап, мол әсерге бөленгені даусыз. Біздер сол жоғарыда сол көп қатысушылардың бірнешеуін ғана оқырмандар наза-

тәсілдеріне немістердің өздері де таңданып, қайран қалған сәттері аз емес.

-Осы орайда, дәлелді мысал ретінде айтар болсаң, шын мәнінде, 1941-1945 жылғы соғыс қазақтың батыр халық екенін мойындатты. Оның ішінде немістерге де мойындатты. 1943 жылы Сталинград түбінде тұтқынға түскен фельдмаршал Паулюс армиясының офицері өз күнделігіне былай деп жазыпты: «Көсемдерінің аты берілген қаланы біздің қарсыластарымыз жанын сала қорғады. Соғыстың қызған уақытында алғы шепке жіберілген менің солдаттарым бір уақытта қатты састы, өйткені орыстар қайдан тапқаны белгісіз, әлде биологиялық жолмен сұрыптап шақырған ба, сұрлары орысқа ұқсамаған, түстері де басқаша, көздерінен от шашқан адамдар қарсылас жақтың окобынан атып шығып, төлеп тұрған оққа қарамай, баса-көктеп біздің плацдарымды басып алды....

Кейіннен осы адамдардың «Талғар полкінің» жауынгерлері екенін білдік... Мұны неге бөле-жара айтып отырмын? Қаншама соғысып, олар бізді, біз оларды қырсақ та, жауынгер жауынгерлерді батылдығы үшін бағалағаны жөн емес пе?!» (Қараңыз: «Майдангер әкелер» Алматы, 2005 жыл, 30-бет).

*«Талғар полкінің» басым көпшілігі қазақтар болғаны тарихтан мәлім. Міне аталарымыздың, ағаларымыздың осындай ерлігін қалай ұмытарсың?! Олар намысты қолдан берген жоқ. Баяғы көк түріктерше, даланың сайыпқырандарынша шайқасты.

Ұлы Жеңіс-біздің Жеңісі! Бұл ең алдымен ақ ниетті адамзаттың Жеңісі. Ұлттар достығының, бауырмалдығының Жеңісі. Ел мен жерді қорғаған, ұрпағына аманат етіп тастап кеткен ата-баба дәстүрінің, ерлік дәстүрінің Жеңісі. Сексен жылдығын атап өткелі отырған бұл Жеңіс баянды болғай. Ендігі жас ұрпақ соғысты көрмесін деп тілейміз!

Болат ШАЙМАНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисті.

Бауыржан Момышұлы атындағы «Батыр шапағаты» медалінің иегері.

«Созақ үні» газетінің ардагері.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.